

ЖЕЛДЕТКІШ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



FZ10-19MA

Ескерту: Бұл құрылғыны қолданбас бұрын осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта анықтама үшін сақтаңыз. Өнімді жақсарту мақсатында дизайн мен техникалық сипаттамаларды ескертусіз өзгертуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін сатушыға немесе өндірушіге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы барлық суреттер схемалық болып табылады және түпнұсқадан өзгеше болуы мүмкін.

Midea техникасын сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Жаңа Midea құрылғысын пайдаланбас бұрын, сатып алған техниканы қалай қауіпсіз пайдалану керектігін білу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	04
ҚҰРЫЛҒЫҒА ШОЛУ	07
ОРНАТУ	08
ПАЙДАЛАНУ	09
ЖАЛПЫ КҮТІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ	10
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	11
ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ	12
ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЕСКЕРТУЛЕР	13
ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА.....	14
ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ	15

Мақсаты бойынша пайдалану

ЖЕЛДЕТКІШ бөлмедегі ауа ағынының айналымын тудырады. Ол жазғы ыстық уақытта тұрақты және оңтайлы микроклиматты сақтауға көмектеседі. Бағаналы желдеткіштің артықшылығы-жоғары тұрақтылық және қалақша желдеткіші сыймайтын жерде орнату мүмкіндігі, құрылғыға жылдың кез келген уақытында кеңістікте үйлесімді көрінуге мүмкіндік беретін бейтарап немесе тіпті керемет дизайн, сондай-ақ қалақшалы желдеткіш үлгілеріне қарағанда шу деңгейі төмен. Желдеткішті орнатуға шығын талап етілмейтіндігі елеулі артықшылық болып табылады.

Назар аударыңыз

- Бұл қауіпсіздік нұсқаулары өнімнің қауіпті немесе дұрыс жұмыс істемеуінен болатын күтпеген қауіптердің немесе зақымдардың алдын алуға арналған.
- Қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету және бәрі жақсы екеніне көз жеткізу үшін сатып алу кезінде қаптаманы және құрылғыны тексеріңіз. Егер сіз қандай да бір зақым тапсаңыз, сатушыға немесе дилерге хабарласыңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында құрылғының модификацияларына немесе өзгерістеріне жол берілмейтініне назар аударыңыз. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау пайдаланушыға қауіп төндіреді және кепілдік міндеттемелерін жоғалтуға әкеледі.
- Кепілдік және жырtpпалы талондарының бар-жоғын және олардың дұрыс толтырылуын тексеріңіз (сериялық нөмір, сату күні және сатушы фирманың мөрінің бар болуы). **Ескерту:** көрсетілген тексерулерді орындау сатушының міндеті болып табылады. Кассалық чекті, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және кепілдік талонын кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін сақтаңыз. **Құрылғыға қоса берілетін Пайдалану жөніндегі нұсқаулық пен кепілдік талоны жоғалған кезде қайта жаңартылмайды.**
- Құрылғыны қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейінірек пайдалану үшін орнату орнына немесе құрылғыға жақын жерде сақтаңыз!
- **www.mideakz.com** сайтында Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сандық түрде жүктеп, басқа өнімдермен танысуға болады.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Шартты белгілер



ҚАУІП

Бұл белгі аса қауіпті газдан туындаған адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп бар екенін көрсетеді.



ЭЛЕКТР КЕРНЕУІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Бұл белгі кернеудің салдарынан адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнетінін білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Бұл белгі қажетті сақтық шаралары қолданылмаса, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл белгі жеңіл немесе шамалы жарақат алу қаупін, сондай-ақ мүлікке және қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігін ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сигнал сөзі маңызды ақпаратты көрсетеді (мысалы, мүліктің зақымдануы), бірақ адам өміріне қауіп төндірмейді.



СЕРВИС МАМАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Бұл символ тек пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес құрылғыға қызмет көрсетуі тиіс сервистік орталықтың маманына жүгіну ұсынылатынын көрсетеді.

Абайлаңыз

- Жұмысты бастамас бұрын осы нұсқаулықты және қауіпсіздік нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз.

Ескерту

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сезімдік немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдар, егер олар бақылауда болса немесе оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау берілсе және онымен байланысты қауіптерді түсінсе, пайдалана алады.
- Балалар құрылғымен ойнамауы керек.
- Балалар қараусыз тазалау және техникалық қызмет көрсетуді орындамауы керек.
- Электр құрылғыларын балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз. Оларға құрылғыларды қараусыз пайдалануға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны дұрыс пайдаланбау оның бұзылуына әкеледі және пайдаланушыға зиян тигізуі мүмкін.
- Бұл желдеткіш тек үйде пайдалануға арналған. Қосулы желдеткішті ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыны осы Нұсқаулыққа сәйкес тұрғын үйдің температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығында қолданыңыз.
- Желдеткіш өнеркәсіптік қолдануға арналмаған.
- Қаптамадан шығарғаннан кейін желдеткіш элементтерінің арасында орау материалының қалдықтары жоқ екенін тексеріңіз.
- Желдеткіштің тегіс жерге орнатылғанына көз жеткізіңіз, бұл аударылып қалмауға көмектеседі.
- Желілік сымның оны зақымдауы мүмкін өткір заттармен жанасуына жол бермеңіз.
- Тазалау және техникалық қызмет көрсету алдында желдеткішті өшіріп, ашаны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғының желілік сымына зақым келтірмеу үшін желдеткішті сымнан емес, ашадан ұстап розеткадан ажырату керек.
- Құрылғыны қоспас бұрын, онда көрсетілген номиналды кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Желдеткішті қуат сымынан тартпаңыз немесе көтермеңіз.
- Ашаны розеткаға толық қосу керек. Пайдалану кезінде розеткалардың тозуына назар аударыңыз. Розеткада қызып кету белгілерін және желдеткіш ашасында деформация бар-жоғын мезгіл-мезгіл тексеріп тұрыңыз.
- Желдеткішті ас үй плитасының немесе басқа жылу көздерінің жанында ұстамаңыз. Әйтпесе, жоғары температура құрылғының пластикалық бөліктерінің деформациялануына және түсінің оңуына, тіпті өртке әкелуі мүмкін.
- Жұмыс кезінде желдеткіштің қорғаныс торын алуға тыйым салынады.
- Құрылғының қозғалатын бөліктерімен жанасудан аулақ болыңыз.
- Қарындаштарды немесе басқа заттарды жұмыс істеп тұрған желдеткіштің қорғаныс торынан өткізбеңіз.
- Ұзын шашпен абай болыңыз - ауа ағыны оны құрылғыға тартуы мүмкін.


- Желдеткіш біраз уақыт 0 °C төмен температурада болса, оны қосар алдында бөлме жағдайында кемінде 2 сағат тұруы керек.
- Желдеткіштің корпусы мен қалақтарын дымқыл шүберекпен сүрту керек.
- Желдеткішті басқа жерге жылжыту қажет болса, оны розеткадан ажыратыңыз.
- Желдеткішті терезеге қоймаңыз — жаңбыр электр тоғының соғу қаупін тудыруы мүмкін.
- Жеткізу жиынтығына кірмейтін керек-жарақтарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы керек.

Назар аударыңыз

- Қауіпті жағдайларды болдырмау үшін зақымдалған қуат сымын өндіруші, оның техникалық қызмет көрсету жөніндегі өкілі немесе тиісті біліктілігі бар маман ауыстыруы тиіс.
 - Желдеткіштің, қуат сымының немесе ащаның зақымдануы болған жағдайда, құрылғыны электр желісіне қоспаңыз.
 - Электр тоғының соғуын болдырмау үшін құрылғыны, сымды немесе ашаны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз.
 - Егер құрылғы пайдаланылмаса, сондай-ақ тазаламас бұрын ашаны розеткадан суырыңыз.
 - Стандартты емес қуат көздерін немесе қосылым құрылғыларын пайдаланбаңыз.
 - Қуат сымын өзіңіз бөлшектеуге, ауыстыруға немесе құрылғыны жөндеуге тырыспаңыз. Ақаулық туындаған жағдайда жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Келесі жағдайларда желдеткішті пайдаланбаңыз:
 - егер желдеткіш жартылай зақымдалған болса немесе құлағаннан кейін дұрыс жұмыс істемесе;
 - егер желілік сым зақымдалған болса.
- Егер жоғарыда аталған жағдайлар орын алса, желдеткішті қоспаңыз немесе оны дереу ажыратыңыз. Егер бұзылу жұмыс кезінде орын алса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫҒА ШОЛУ

Құрылғы бөліктері



Жиынтықтылық

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Кепілдік талоны	1 дана
Желдеткіш	1 дана

ЕСКЕРТУ:

- Осы нұсқаулықта келтірілген барлық суреттер анықтамалық сипатқа ие және сатып алынған құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.
- Нақты өнім мен иллюстрациялар арасындағы сәйкессіздіктер болған жағдайда, құрылғының нақты көрінісіне назар аудару керек.
- Бұйымның сипаттамасы мен жиынтығы нақты өніммен анықталады.

Бірінші қолданар алдында

1. Құрылғыны орамнан абайлап шығарып, барлық орауыш материалдарын алыңыз. Құрылғының бетінен барлық жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.
2. Қаптаманы ашқаннан кейін құралдың зақымдалуын тексеріңіз, мысалы:
 - тураланбаған немесе зақымдалған бөлшектер;
 - негізгі корпусстың және жеке компоненттердің зақымдануы;
 - ашаның немесе кабельдің зақымдалуы.
3. Егер қандай да бір зақым байқасаңыз, желдеткішті пайдаланбаңыз және қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.


Желдеткішті құрастыру

Қаптамадан барлық керек-жарақтарды алып тастаңыз және сыртқы жағын тексеріп шығыңыз. Желдеткіш бөлшектелген түрде келеді. Құрастыруды бастамас бұрын, жеткізілім жиынтығы толық және керек-жарақтары зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

Негізін орнату үшін құрылғыны ұқыпты аударыңыз, ал құрылғыда сызаттардың пайда болуын болдырмау үшін оны қаптамадағы пенопластқа немесе басқа жұмсақ бетке орналастырыңыз.


1. Қаптамадан негіздің екі бөлігін алыңыз. Негіздің екі бөлігін туралаңыз және ілгекті басу арқылы оларды біріктіріңіз.



2. Желдеткіш корпусын негізге қойыңыз.




3. Желдеткіштің корпусын бекітуші сомынның көмегімен негізге бекітіңіз.



ПАЙДАЛАНУ

Басқару панелі



№	Сипаттама
1	Таймер (Желдеткішті өшіру уақытын 1 минуттан 120 минутқа дейін қою үшін реттегішті бұрыңыз.)
2	OFF – Желдеткішті өшіру түймесі.
3	L – Төменгі жылдамдық.
4	M – Орташа жылдамдық.
5	H – Жоғары жылдамдық.
6	OSC – Бұл түйме желдеткіштің бұрылу функциясын қосады/өшіреді.

ЖАЛПЫ КҮТІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Құрылғыны тазалау

- Желдеткішті тек қуат сымы розеткадан ажыратылғанда ғана тазалаңыз.
- Қозғалтқышқа ауаның жеткілікті айналымын қамтамасыз ету үшін қозғалтқыштың артқы бөлігіндегі саңылаулар шаңмен бітеліп қалмауы керек. Шаңды кетіру үшін желдеткішті бөлшектемеңіз.
- Желдеткіште жиналатын болмашы шаңды жұмсақ матаның және шаңды кетіруге арналған щетка түріндегі саптамасы бар шаңсорғыштың көмегімен жинауға болады. Желдеткіштің ішіндегі шаңды тар саңылауы бар саптама арқылы ауаны үрлеу режимінде шаңсорғышпен кетіруге болады.
- Желдеткіштің сыртқы бетін жұмсақ жуу құралының ерітіндісіне малынған және мұқият сығылған сәл ылғалды матамен мерзімді сүртіңіз. Желдеткішті қосар алдында оны жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.
- ⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Желдеткіштің ішіне судың кіруіне жол бермеңіз, себебі бұл өрт немесе электр тоғының соғу қаупін тудыруы мүмкін.
- Абразивті тазалау құралдарын (құрамында қатты дақтары бар құрғақ ұнтақтар мен сұйық қосылыстар) қолданбаңыз.
- Беттерді бензинмен, еріткіштермен немесе басқа агрессивті сұйықтықтармен тазаламаңыз.
- Желдеткіштің электр қозғалтқышы зауытта құрастыру процесінде майланған және желдеткіштің бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде қосымша майлауды қажет етпейді. Желдеткішке қолданушы жүргізуі керек техникалық қызмет көрсетудің басқа түрлері талап етілмейді және ұсынылмайды. Желдеткішті жөндеу мамандандырылған шеберханаларда немесе тұрмыстық техникаға қызмет көрсету орталықтарында жүргізілуі керек.
- Желдеткішті таза, құрғақ жерде сақтаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Үлгі	FZ10-19MA
Кернеу	220-240 В~
Жиілік	50/60 Гц
Қуат	35 Вт

Сипаттама	Белгілеу	Мән	Өлшем бірлік
Желдеткіштің ауа ағынының максималды жылдамдығы	F	25.98	м³/мин.
Тұтыну қуаты	P	28.40	Вт
Жұмыс мәні (жұмыс процесінде желдеткіштің тиімділігі)	Sv	0.91	(м³/мин.) Вт
Күту режимінде тұтыну қуаты	Psb	—	Вт
Қуатты өшірілген күйінде тұтыну	Poff	0	Вт
A-шкаламен шу деңгейі	Lwa	53.06	dB(A)
Ауаның максималды жылдамдығы	C	3.31	м/сек.
Электр энергиясын маусымдық тұтыну	Q	9.09	кВт•сағ/жыл
Жұмыс мәнін өлшеу стандарты	EN IEC 60879:2019		

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

Құрылғының қызмет ету мерзімі бөлшек сауда желісі арқылы сатылған күннен бастап 5 жыл.

Осы уақыт ішінде өндіруші тұтынушыға өнімді өз мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін, сонымен қатар бөлшек сауда және жөндеу кәсіпорындарына қосалқы бөлшектерді өндіру және жеткізуді қамтамасыз етеді. Дүкен мөрі болмаған жағдайда қызмет ету мерзімі құрылғы жасалған күннен бастап есептеледі.

Сақтау шарттары – ГОСТ 15150 бойынша 1(Л) тобына сәйкес. Құрылғылар құрғақ, желдетілетін жерлерде ауа температурасы 10 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылық 80% дейін (25 °С үшін) қапталған түрде сақталуы керек.

Құрылғының кепілдік міндеттемелері кепілдік талонында көрсетілген. Арнайы рұқсатсыз адамдардың жөндеуіне тыйым салынады!

Барлық техникалық жақсартулар пайдалану нұсқаулығының жаңа нұсқасында ескерілетін болады, оны сіз біздің веб-сайттан таба аласыз. Өнімнің сыртқы түрі мен түсін өндіруші алдын ала ескертусіз өзгерте алады.

Сертификаттау туралы ақпарат

Бұл өнім техникалық регламенттерге сәйкес келеді:

- TR TS 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- TP KO 020/2011 «Техникалық жабдықтың электромагниттік үйлесімділігі».
- ЕАЭО TP 037/2016 «Электр және радиоэлектроника өнімдерінде қауіпті заттарды пайдалануды шектеу туралы».



№ XXX-xxxxxxx-YMDD-XXXXXXX форматтары капилдик купондар анақтай аласыз, мұндағы G - жыл (күндік сандар),
M - ай (1-9, A, B, C), DD - күн, X - номердің басқа белгілері.
Мысал: 340-79662901-0B17-1320026, шығарылған күні: 17 Қараша 2020 ж.

ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

 Midea логотипі, сауда таңбасы, дизайн, фирма стилі және олардың барлық нұсқалары Media Group және/немесе оның еншілес компанияларының ("Midea") құнды активтері болып табылады, оларға қатысты Midea сауда белгілеріне, авторлық құқықтарға және басқа да зияткерлік меншік құқықтарына, сондай-ақ Midea сауда белгісінің кез келген бөлігін пайдалану нәтижесінде алынған барлық іскерлік беделге ие. Midea тауар белгісін коммерциялық мақсатта Midea-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдалану тауар белгісінің құқығын бұзу немесе тиісті елдердің заңнамасын бұзатын жосықсыз бәсекелестікті білдіруі мүмкін.

Бұл нұсқаулықты Midea компаниясы жасап шығарған және Midea барлық авторлық құқықты өзіне қалдырады. Ешбір ұйым немесе жеке тұлға бұл нұсқаулықты Midea-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз толық немесе ішінара пайдалана, қайталай, өзгерте, тарата, оны басқа өнімдермен біріктіре немесе сата алмайды.

Осы нұсқаулықта сипатталған құрылғының барлық параметрлері мен функциялары осы нұсқаулықты басып шығару кезінде өзекті болды. Дегенмен, функционалдылық пен дизайнның үздіксіз жақсаруына байланысты нақты өнім нұсқаулықта сипатталғандардан ерекшеленуі мүмкін.

ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Тапсырыс берушімен келісілген қызметтерді көрсету үшін біз клиентке қызмет көрсетілетін елдің заңына сәйкес деректерді қорғау туралы барлық ережелерді, сондай-ақ, егер қажет болса, ЕО-ның деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентін (GDPR) сақтауға келісеміз.

Әдетте, біздің деректерді өңдеу сізбен келісім-шарт бойынша міндеттемелерімізді орындау үшін және өнімнің кепілдігі мен тіркеу мәселелеріне байланысты Сіздің құқықтарыңызды қорғау үшін өнімнің қауіпсіздігі мақсатында жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда, егер деректерді тиісті қорғау көзделмесе, дербес деректер Еуропалық экономикалық аймақтан тыс орналасқан алушыларға берілуі мүмкін.

Қосымша ақпарат сұраныс бойынша беріледі. Егер сіз маркетинг мақсатында біз өңдейтін жеке деректеріңізді беруге қарсылық білдірсеңіз, MideaDPO@midea.com ресми электрондық поштаға жазу арқылы біздің деректерді қорғау қызметіне жүгіне аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін QR код-қа өтіңіз.


ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

EO WEEE директивасына сәйкестік

Бұл өнім WEEE (2012/19/EU) электр және электрондық жабдығы өндірісінің қалдықтарын кәдеге жарату туралы EO директивасына сәйкес келеді. Бұл өнімде электр және электрондық жабдық қалдықтарының жіктеу белгісі (WEEE) бар.

Дұрыс кәдеге жарату

Өнімде немесе қаптамада бейнеленген бұл таңба бұйымның қарапайым тұрмыстық қалдықтар санатына жатпайтынын және істен шыққаннан кейін электр және электрондық жабдықтарды кәдеге жарату жөніндегі тиісті орталықта кәдеге жаратуға жататынын көрсетеді. Құрылғыны дұрыс кәдеге жарату құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына қауіпті төндірмеуге мүмкіндік береді. Бұл өнімді кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, жергілікті қалдықтарды кәдеге жарату қызметінен немесе өнім сатып алынған дүкеннен алуға болады. Тұтынушы құрылғыны дұрыс кәдеге жаратуға жауапты.



EO RoHS директивасына сәйкестік

Сіз сатып алған өнім зиянды заттарды шектеу туралы EO RoHS (2011/65/EU) директивасына сәйкес келеді. Директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.

Қаптама туралы ақпарат

Осы өнімнің орау материалдары біздің ұлттық экологиялық нормаларымызға сәйкес қайта өңделетін материалдардан дайындалады. Қаптама материалдарын тұрмыстық немесе басқа қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оларды жергілікті билік тағайындаған орау материалдарын жинау орындарына апарыңыз.



Өнімнің сыртқы түрін, түсін және техникалық деректерін өндіруші тұтынушыға алдын-ала ескертусіз өзгерте алады.

ӨНДІРУШІ

GD MIDEA ENVIRONMENT APPLIANCES MFG CO., LTD.
NO. 28, DONG FU ROAD, HESUI EAST INDUSTRIAL AREA,
DONG FENG TOWN, ZHONGSHAN, GUANGDONG
P.R.CHINA


ҚР ИМПОРТТАУШЫ

«TECHNOMAN» ЖШС,
Алматы қ., Бурундайская к., 93а, 8 (727) 223 03 65
ҚР бойынша қолдау орталығы:
8 700 700 00 59 (WhatsApp), 8 800 004 04 94
www.mideakz.com

ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН ЗАҢДЫ ТҮЛҒА

«TECHNOMAN» ЖШС,
Қазақстан Республикасы,
050011, Алматы қ., Бурундайская көш., 93а





ВЕНТИЛЯТОР

РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ



FZ10-19MA

Предупреждение: Перед использованием данного устройства внимательно прочитайте это Руководство и сохраните его для дальнейшего использования. Дизайн и технические характеристики могут быть изменены без предварительного уведомления в целях улучшения продукта. Для получения подробной информации обратитесь к продавцу или производителю. Все изображения в руководстве являются схематическими и могут иметь отличия от оригинала.

Благодарим вас за покупку техники Midea!

Перед использованием нового устройства Midea, пожалуйста, внимательно прочтите данное руководство, чтобы убедиться, что вы знаете, как безопасно пользоваться приобретенной вами техникой.

СОДЕРЖАНИЕ

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ	04
ОБЗОР УСТРОЙСТВА	07
УСТАНОВКА	08
ЭКСПЛУАТАЦИЯ.....	09
ОБЩИЕ ПРАВИЛА УХОДА.....	10
ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ.....	11
СРОК СЛУЖБЫ ИЗДЕЛИЯ.....	12
ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ, АВТОРСКИЕ ПРАВА И ПРАВОВЫЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ	13
УВЕДОМЛЕНИЕ О ЗАЩИТЕ ДАННЫХ.....	14
ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПО УТИЛИЗАЦИИ	15

Использование по назначению

ВЕНТИЛЯТОР создаёт циркуляцию воздушного потока в помещении. Он поможет вам поддерживать в летний зной стабильный оптимальный микроклимат. Преимуществом колонного вентилятора является более высокая устойчивость, и возможность установки там, где не поместится лопастной вентилятор, и нейтральный или даже изысканный дизайн, который позволяет устройству гармонично смотреться в пространстве в любое время года, а также более низкий, чем у лопастных моделей, уровень шума. Существенным плюсом является то, что на установку вентилятора не требуется затрат.

Обратите внимание

- Данные правила техники безопасности предназначены для предотвращения непредвиденных рисков или ущерба в результате небезопасной или неправильной эксплуатации устройства.
- Пожалуйста, проверьте упаковку и устройство в момент покупки, чтобы убедиться, что всё в порядке для обеспечения безопасной эксплуатации. Если вы обнаружите какие-либо повреждения, обратитесь к продавцу или дилеру.
- Обратите внимание на то, что модификации или изменения устройства не допускаются из соображений вашей безопасности. Ненадлежащее использование устройства несёт опасность для пользователя и ведёт к потере гарантийных обязательств.
- Проверьте наличие гарантийного и отрывных талонов, и правильность их заполнения (наличие серийного номера, даты продажи и печати фирмы-продавца). **Примечание:** Выполнение указанных проверок является обязанностью продавца. Сохраняйте кассовый чек, Руководство по эксплуатации и гарантийный талон до конца гарантийного срока эксплуатации. **Руководство по эксплуатации и гарантийный талон, прилагаемые к устройству, при утере не возобновляются.**
- Перед тем, как пользоваться устройством внимательно прочтите данное руководство по эксплуатации и храните его в непосредственной близости от места установки или устройства для последующего использования!
- На сайте **www.mideakz.com** можно скачать Руководство пользователя в цифровом виде и ознакомиться с другими продуктами.

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Условные обозначения



ОПАСНОСТЬ

Этот символ указывает на опасность для жизни и здоровья людей из-за легковоспламеняющегося газа.



ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ОБ ЭЛЕКТРИЧЕСКОМ НАПЯЖЕНИИ

Этот символ указывает на опасность для жизни и здоровья людей из-за напряжения.



ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ

Этот символ указывает на потенциально опасную ситуацию, которая может привести к смерти или серьёзным травмам, если не принять необходимые меры предосторожности.



ОСТОРОЖНО

Данный символ предупреждает о возможном риске получения лёгких или незначительных травм, а также о возможном нанесении ущерба имуществу и окружающей среде.



ВНИМАНИЕ

Символ указывает на важную информацию (например, о возможном вреде для имущества), но не на опасность.



ОБСЛУЖИВАНИЕ СЕРВИСНЫМ СПЕЦИАЛИСТОМ

Этот символ указывает на то, что рекомендуется обратиться к специалисту сервисного центра, который должен обслуживать устройство только в соответствии с инструкцией по эксплуатации.

Осторожно

- Перед началом работы внимательно ознакомьтесь с данным руководством и инструкциями по технике безопасности.

Предупреждение

- Данным устройством могут пользоваться дети в возрасте от 8 лет и старше, а также лица с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или с недостатком опыта и знаний, если они находятся под присмотром или проинструктированы относительно безопасного использования прибора и понимают связанные с этим опасности.
- Дети не должны играть с устройством.
- Дети не должны выполнять чистку и техническое обслуживание без присмотра.
- Храните электроприборы в местах, недоступных для детей. Не позволяйте им пользоваться устройствами без присмотра.
- Неправильное обращение с устройством может привести к его поломке и причинить вред пользователю.
- Данный вентилятор предназначен для эксплуатации исключительно в домашних условиях. Никогда не оставляйте включенный вентилятор без присмотра.
- Используйте устройство при температуре и относительной влажности жилого помещения в соответствии с данным Руководством по эксплуатации.
- Вентилятор не предназначен для промышленного применения.
- После распаковки проверьте, что между элементами вентилятора нет остатков упаковочного материала.
- Убедитесь, что вентилятор установлен на ровной поверхности, что поможет избежать опрокидывания.
- Не допускайте контакта сетевого шнура с острыми предметами, способными его повредить.
- Перед чисткой и техническим обслуживанием выключайте вентилятор, и отключайте штепсель от источника питания.
- Во избежание повреждения сетевого шнура устройства, следует отсоединять вентилятор от розетки держа за вилку, а не за шнур.
- Перед подключением устройства убедитесь, что указанное на нём номинальное напряжение соответствует напряжению местной электросети.
- Не тяните и не поднимайте вентилятор за шнур питания.
- Штепсельная вилка должна вставляться в розетку до упора. Обращайте внимание на износ розеток в процессе их эксплуатации. Периодически проверяйте розетку на отсутствие признаков перегрева, а вилку вентилятора – на отсутствие деформации.
- Не размещайте вентилятор рядом с кухонными плитами или другими источниками тепла. В противном случае высокая температура может привести к деформации и выцветанию пластиковых частей устройства и даже к пожару.
- Во время работы запрещается снимать защитную решётку вентилятора.
- Избегайте контакта с движущимися частями устройства. Не просовывайте карандаши или другие предметы через защитную решётку работающего вентилятора.
- Будьте осторожны с длинным волосом – поток воздуха может затянуть его в устройство.


- Если вентилятор некоторое время находился при температуре ниже 0 °C, перед включением его следует выдержать в комнатных условиях не менее 2 часов.
- Корпус и лопасти вентилятора следует протирать влажной тканью.
- Если необходимо переместить вентилятор в другое место, отключите его из розетки.
- Не ставьте вентилятор на окно – дождь может создать опасность поражения электрическим током.
- Не используйте принадлежности, не входящие в комплект поставки.
- Для ремонта устройства должны быть использованы только оригинальные запасные части.

Внимание

- Во избежание опасных ситуаций повреждённый шнур питания подлежит замене производителем, его представителем по сервисному техническому обслуживанию или иным специалистом соответствующей квалификации.
 - При наличии повреждений вентилятора, провода питания или вилки ни в коем случае не подключайте устройство к электросети.
 - Во избежание поражения электрическим током не погружайте устройство, шнур или вилку в воду или другую жидкость.
 - Если устройство не используется, а также перед чисткой выньте вилку из розетки.
 - Не пользуйтесь нестандартными источниками питания или устройствами подключения.
 - Не пытайтесь самостоятельно разбирать, проводить замену провода питания или ремонтировать устройство. При возникновении неполадок обращайтесь в ближайший сервисный центр.
 - Не используйте вентилятор в следующих случаях:
 - если вентилятор частично повреждён или работает ненадлежащим образом после падения;
 - если повреждён сетевой шнур.
- При возникновении вышеуказанных ситуаций не включайте вентилятор или немедленно отключите его от сети. Если поломка произошла во время работы, обратитесь в авторизованный сервисный центр.

ОБЗОР УСТРОЙСТВА

Части устройства



Комплектация

Руководство по эксплуатации	1 шт.
Гарантийный талон	1 шт.
Вентилятор	1 шт.

ПРИМЕЧАНИЕ:

- Все изображения, приведённые в данном руководстве носят справочный характер и могут отличаться от приобретённого устройства.
- В случае расхождений между реальным изделием и иллюстрациями следует ориентироваться на фактический внешний вид устройства.
- Характеристики и комплектация изделия определяются реальным продуктом.

УСТАНОВКА

Перед первым использованием

1. Осторожно распакуйте устройство и удалите весь упаковочный материал. Удалите все рекламные наклейки с поверхности устройства.
2. Проверьте устройство после распаковки на наличие повреждений, таких как:
 - разрегулированные или повреждённые детали;
 - повреждение основного корпуса и отдельных компонентов;
 - повреждение вилки или кабеля.
3. Если вы заметили какие-либо повреждения не используйте вентилятор и обратитесь в сервисную службу.


Сборка вентилятора

Извлеките все комплектующие из упаковки и проведите наружный осмотр. Вентилятор поставляется в разобранном виде. Перед началом сборки убедитесь, что комплект поставки полный и комплектующие не повреждены.


ПРИМЕЧАНИЕ

Для установки основания аккуратно переверните устройство, а чтобы избежать появления царапин на устройстве, поместите его на пенопласт из упаковки или другую мягкую поверхность.


1. Достаньте из упаковки две части основания. Совместите две части основания и соедините их, нажав на защёлку.



2. Вставьте корпус вентилятора в основание.




3. Закрепите корпус вентилятора на основании с помощью фиксирующей гайки.



ЭКСПЛУАТАЦИЯ

Панель управления



№	Описание
1	Таймер (Поверните регулятор, чтобы выставить время выключения вентилятора интервалом от 1 до 120 минут.)
2	OFF – Кнопка выключения вентилятора.
3	L – Низкая скорость.
4	M – Средняя скорость.
5	H – Высокая скорость.
6	OSC – Данная кнопка включает/выключает поворотную функцию вентилятора.

ОБЩИЕ ПРАВИЛА УХОДА

Чистка устройства

- Чистку вентилятора производите только при отсоединённом от розетки шнуре электропитания.
- Для обеспечения достаточной циркуляции воздуха к двигателю, отверстия в задней части мотора не должны быть забиты пылью. Не разбирайте вентилятор для удаления пыли.
- Легкую пыль, скапливающуюся на вентиляторе можно убирать с помощью мягкой ткани и пылесоса с насадкой в виде щётки для удаления пыли. Пыль внутри вентилятора можно убирать пылесосом в режиме выдувания воздуха через насадку с узкой щелью.
- Периодически протирайте наружные поверхности вентилятора слегка влажной тканью, смоченной в растворе мягкого моющего средства и тщательно отжатой. Перед включением вентилятора насухо протрите его мягкой тканью.
- ⚠ **ВНИМАНИЕ:** Не допускайте попадания воды внутрь вентилятора, так как это может вызвать опасность возникновения пожара или поражения электрическим током.
- Не применять абразивные чистящие средства (сухие порошки и жидкие составы, содержащие твёрдые включения).
- Не очищать поверхности бензином, растворителями и другими агрессивными жидкостями.
- Электродвигатель вентилятора смазан в процессе сборки на заводе-изготовителе и не нуждается в дополнительной смазке в течение всего срока эксплуатации вентилятора. Другие виды технического обслуживания, проводимого пользователем вентилятора, не требуются и не рекомендуются. Ремонт вентилятора следует производить в специализированных мастерских или центрах обслуживания бытовой техники.
- Храните вентилятор в чистом сухом месте.

ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Модель	FZ10-19MA
Напряжение	220-240 В~
Частота	50/60 Гц
Мощность	35 Вт

Описание	Обозначение	Значение	Единица измерения
Максимальная скорость потока воздуха вентилятором	F	25.98	м³/мин.
Потребляемая мощность	P	28.40	Вт
Рабочее значение (эффективность вентилятора в процессе эксплуатации)	Sv	0.91	(м³/мин.) Вт
Потребляемая мощность в режиме ожидания	Psb	—	Вт
Потребление энергии в выключенном состоянии	Poff	0	Вт
Уровень шума с А-взвешиванием	Lwa	53.06	дБ(А)
Максимальная скорость воздуха	C	3.31	м/сек.
Сезонное потребление электроэнергии	Q	9.09	кВт•ч/год
Стандарт измерения рабочего значения	EN IEC 60879:2019		

СРОК СЛУЖБЫ ИЗДЕЛИЯ

Срок службы изделия составляет 5 лет со дня продажи через розничную торговую сеть.

В течение этого времени изготовитель обеспечивает потребителю возможность использования товара по назначению, а также выпуск и поставку запасных частей в торговые и ремонтные предприятия. В случае отсутствия штампа магазина срок службы исчисляется со дня изготовления устройства.

Условия хранения – по группе 1(Л) по ГОСТ 15150. Устройства должны храниться в упакованном виде в сухих, проветриваемых помещениях при температуре воздуха от 10 °С до 40 °С и относительной влажности воздуха до 80% (для 25°С).

Гарантийные обязательства на устройство изложены в гарантийном талоне. Ремонт у лиц, не имеющих специального разрешения, запрещён!

Все технические усовершенствования будут учтены в новой версии руководства по эксплуатации, которое вы сможете найти на нашем сайте. Внешний вид изделия и цвет могут быть изменены производителем без предварительного уведомления.

Сведения о сертификации

Данный продукт соответствует техническим регламентам:

- ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования»
- ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств»
- ТР ЕАЭС 037/2016 «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники»



Дату изготовления изделия вы можете определить по серийному номеру, указанному на изделии и в гарантийном талоне в формате XXX-XXXXXXX-ГМДД-XXXXXXX, где Г - год (его последняя цифра), М - месяц (1-9, А, В, С), ДД - дата, X - другие символы номера.
Пример: 340-79662901-0В17-1320026, дата производства: 17 ноября 2020 г.

ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ, АВТОРСКИЕ ПРАВА И ПРАВОВЫЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ

Логотип , торговые марки, дизайн, фирменный стиль и все их версии являются ценными активами Midea Group и/или её дочерних компаний («Midea»), в отношении которых Midea владеет товарными знаками, авторскими правами и другими правами на интеллектуальную собственность, а также всей деловой репутацией, полученной в результате использования любой части товарного знака Midea. Использование товарного знака Midea в коммерческих целях без предварительного письменного согласия Midea может представлять собой нарушение прав на товарный знак или недобросовестную конкуренцию в нарушение законодательства соответствующих стран.

Это руководство создано компанией Midea, и Midea сохраняет за собой все авторские права. Никакое юридическое или физическое лицо не может использовать, дублировать, изменять, распространять полностью или частично это руководство, объединять или продавать его с другими продуктами без предварительного письменного согласия Midea.

Все описанные в данном руководстве параметры и функции устройства были актуальны на момент печати данного руководства. Тем не менее, в связи с постоянными улучшениями функционала и дизайна, фактический продукт может иметь отличия от описанных в руководстве.

УВЕДОМЛЕНИЕ О ЗАЩИТЕ ДАННЫХ

Для оказания услуг, согласованных с заказчиком, мы соглашаемся соблюдать все положения о защите данных в соответствии закону той страны, в пределах которой будут предоставляться услуги клиенту, а также, если применимо, Общий регламент ЕС по защите данных (GDPR).

Как правило, наша обработка данных осуществляется для выполнения наших обязательств по договору с вами и из соображений безопасности продукта, чтобы защитить ваши права в связи с вопросами гарантии и регистрации продукта. В некоторых случаях, если только не предусмотрена соответствующая защита данных, персональные данные могут быть переданы получателям, находящимся за пределами Европейской экономической зоны.

Дополнительная информация предоставляется по запросу. Если вы возражаете против передачи ваших персональных данных, обрабатываемых нами в целях маркетинга, вы можете связаться с нашей службой защиты данных, написав на официальную электронную почту MideaDPO@midea.com. Для получения дополнительной информации перейдите по QR-коду.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПО УТИЛИЗАЦИИ

Соответствие директиве EC WEEE

Данное изделие соответствует директиве ЕС об утилизации отходов производства электрического и электронного оборудования WEEE (2012/19/EU). Этот продукт имеет классификационный знак отходов электрического и электронного оборудования (WEEE).

Правильная утилизация

Данный символ, изображённый на изделии или на упаковке, указывает, что изделие не относится к разряду обычных бытовых отходов и после вывода из строя подлежит утилизации в надлежащем центре по утилизации электрического и электронного оборудования. Надлежащая утилизация устройства позволит избежать угрозы для окружающей среды и здоровья людей, вытекающей из неправильного обращения с устройством.



Более подробную информацию по утилизации данного изделия можно получить в местных органах власти, местной службе по утилизации отходов или в магазине, где было приобретено изделие.

Потребитель несёт ответственность за правильность утилизации оборудования.

Соответствие директиве EC RoHS

Приобретённый вами продукт соответствует директиве ЕС об ограничении содержания вредных веществ RoHS (2011/65/EU). Не содержит вредных и запрещённых материалов, указанных в Директиве.

Информация об упаковке

Упаковочные материалы данного изделия изготавливаются из перерабатываемых материалов в соответствии с нашими Национальными экологическими нормами. Не выбрасывайте упаковочные материалы вместе с бытовыми или другими отходами. Отнесите их в пункты сбора упаковочных материалов, назначенные местными властями.



Внешний вид изделия, цвет и технические данные могут быть изменены производителем без предварительного уведомления потребителя.

ИЗГОТОВИТЕЛЬ

GD MIDEA ENVIRONMENT APPLIANCES MFG CO., LTD.
NO. 28, DONG FU ROAD, HESUI EAST INDUSTRIAL AREA,
DONG FENG TOWN, ZHONGSHAN, GUANGDONG
P.R.CHINA

ИМПОРТЁР В РК

ТОО «TECHNOMAN»,
г. Алматы, ул. Бурундайская, 93а, 8 (727) 223 03 65
Служба поддержки по РК:
8 700 700 00 59 (WhatsApp), 8 800 004 04 94
www.mideakz.com

ЮРИДИЧЕСКОЕ ЛИЦО, ПРИНИМАЮЩЕЕ ПРЕТЕНЗИИ

ТОО «TECHNOMAN»,
Республика Казахстан,
050011, г. Алматы, ул. Бурундайская, 93а



make yourself at home

